



Автор: Сулейменова Айнаш Темирбаевна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Жанды табиғат

Тақырып: Табиғат тағлымы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.2.4.1 - өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау; 3.2.6.1 - кейіпкердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау; 3.1.2.1 - шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау;
Сабақтың мақсаты:	шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық таңдауына қарай мазмұндау, сахналау; Кейіпкердің іс-әрекеті, мінез құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау;
Тілдік мақсаттар:	Шегіртке, құмырсқа;
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: шығарманың мазмұнын өз сөзімен толық мазмұндайды, сахналайды, мысал жанрлық ерекшеліктерін анықтайды, кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді. Көптеген оқушылар: мысалдың басты белгілерін біледі, түсінеді, кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді. Кейбір оқушылар: шығарманы сахналайды
Бағалау критерийлері:	* шығарманың мазмұнын өз сөзімен толық мазмұндайды, сахналайды, мысал, жанрлық ерекшеліктерін анықтайды, кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді; * мысалдың басты белгілерін біледі, түсінеді, кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді; * шығарманы сахналайды;
Құндылықтарды дарыту:	Еңбектену арқылы мақсатқа жетуге болады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, шығарылған суреттер
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, Жаратылыстану
Бастапқы білім:	С.Бегалин. Есеннің кірпісі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Шаттық шеңбері: "Айна әдісі" Мақсаты: оқушылардың өздеріне деген көзқарастарын білу, оқушылар айнаға қарап өздері жайлы мәлімет береді. 2. "Өрмекші торы" әдісі бойынша үй жұмысын сұрау. Мақсаты: оқушылар өткен тақырып бойынша бір-біріне сұрақ қою арқылы жіпті кезек-кезек ұсынып отырады. 3. Топқа бөлу: оқушылардың аттары жазулы тұрған таяқшалар арқылы 3 топқа бөлу.	Айна Жіп Аттары жазылған таяқшалар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут, 3 минут сергіту сәті)	"Ұшқыр ой" әдісі Мақсаты: оқушылар тез, жылдам, нақты жауап беру керек. Жұмбақты шеш: 1) Қатар-қатар қара нан, Аспанменен бара-бар. Алды биік, арты жар. (Құмырсқа) 2) Ат басты, Арқар мүйізді, Бері кеуделі, Бөкен санды, Қос қанатты, құмырсқа ізді. Ол не? (Шегіртке) Ауызша бағалау: "Керемет! Жарайсың!" Сабақтың тақырыбын болжау. "Сұрақ-жауап" әдісі. Мақсаты: сабақтың тақырыбын болжау арқылы ашық, жабық сұрақтар қойып, тілдік дағдыларын қалыптастырып, оқуға тарту. Оқушыларға қозғау салып, ойлануына түрткі болу. - Сонымен, бүгін не жайында білетін боламыз? Сурет бойынша берілген сұрақтарға жауап беріп, оқылатын мәтін не туралы екенін болжап көрейік. - Шегіртке мен құмырсқаның не екенін білесіңдер ме? - Оларды қайдан кездестіруге болады? - Суретте қайсысы құмырсқа? Қайсысы шегіртке? - Суретте нелерді көріп тұрсың? - Жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Құмырсқаның киімі қандай? Шегірткенің ше? - Шегірткенің көңіл-күйі қандай деп ойлайсың? Неліктен? Топтық жұмыс: "Ой қозғау" әдісі. Мақсаты: ынталандырудағы танымдық тәсілдің бірі. I топ: Оқулықтағы мәліметті пайдаланып, Абай туралы кластер құрау. II топ: Оқулықтағы 6-тапсырма. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді. III топ: Мысалды сахналау. Жұлдызша арқылы бағалау Жасыл түс - 5 Сары түс - 4 Қызыл түс -3 Сергіту сәті: "Қызыл өрік" Әуен ырғағымен билейді. Жұптық жұмыс. Тапсырма. "Ойлан,жұптас, бөліс" әдісі. Мақсаты: оқушылар берілген тапсырманы ойланып, жұптасып, топпен бөлісіп орындайды. I топ: Мысалдан кейіпкерлерге қатысты сөздерді тауып жаз. II топ: Мысалға сүйеніп, кейіпкерлерді салыстыра сипаттап жаз. III топ: Мысалды талда. "Бас бармақ" арқылы бағалау Жеке жұмыс. ҚБ ретінде: Шегіртке сияқты-----болмау Құмырсқа сияқты-----болу Көңілді смайлик арқылы бағалау	интербелсенді тақта құмырсқа мен шегірткенің суреті оқулық интербелсенді тақта А4 қағазы, маркер Дәптермен жұмыс
Сабақтың соңы (5 минут)	Үй тапсырмасы: "Еңбек түбі - береке" тақырыбында мақал жаттау. Қосымша: хрестоматиядан "Түлкі мен қырғауыл" ертегісін оқу. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру. "БББ" кестесі әдісі "Білемін.Білдім.Білгім келеді"	БББ кестесі

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (2 минут)	Рефлексия: Кері байланыс. Мақсаты: Бүгінгі сабақты қорытындылау. - Бүгінгі сабағымыздың мақсатына жеттік пе? (оқушылардан сұрау) - Қалай жеттік? Не істедік? Ауызша бағалау. "Бәрекелді! Жарайсыңдар!"	